

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 346 "Курчатов қаласының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 58 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 мамырда № 28117 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 225 қаулысы

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 09.12.2024 № 225 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 346 "Курчатов қаласының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7503 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: "Курчатов қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Курчатов қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Курчатов қаласы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Курчатов қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерді орналастыру орындары

№	Н а қ т ы орналасқан жері	Алып жатқан алаңы (шаршы метр)	Ж а қ ы н инфрақұрылым (тауарлардың ұ қ с а с ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл
1	Курчатов қаласы , Абай көшесі, Ш ы ғ ы с Қазақстан облысы білім басқармасы Курчатов қаласы бойынша білім бөлімінің "№ 4 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	4	"Әмір", "Дүкен 51" дүкендері	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	5
2	Курчатов қаласы , Школьная көшесі, № 3 үйге қарама-қарсы	4	"Тройка", "Магнит", "Окей" дүкендері	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	5
3	Курчатов қаласы , Абай көшесі, " Жайлаубай" базарының ғимаратына қарама-қарсы	4	"Жайлаубай" базары "Арагоста" кафесі	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	5

4	Курчатов қаласы , Железнодорожн ая көшесі, " 4 Дегелен" теміржол станциясының ғимаратына карама-қарсы		Азық-түлік дүкені	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	5
---	---	--	----------------------	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК